

**Біртұтас тәрбие  
анықтамасы**

**«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі**  
**2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО, Султаналина А.Б, Аманбай А сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылды. Сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім

Ересектерді оқыту тыңдаушының алдында қосымша практикалық мүмкіндіктерді ашуға және интерактивті режимде жаңа дағдылар мен іскерлікті игеруге бағытталуы керек. Оқыту интерактивтілігі және қажеттіліктерді алдын-ала бағалау, нақты тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға, ересектерге оқытуды тиімді етіп мүмкіндік береді.

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары *А.Б.* Султаналина А.Б  
*Аманбай А*

**«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы (Ата аналарды педагогикалық қолдау)

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО Султаналина А.Б, Аманбай А сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне карамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

- 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
- 2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.



**Орталық қызметінің принциптері:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті

алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға күштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай кастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаза музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары

Султаналина А.Б

Аманбай А

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
**АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО Султаналина А.Б, Аманбай А, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы:** Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жанашыл тұлға қалыптастыру.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.

2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.

3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.


Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

Мектеп директорының тәрбие

ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б

 Аманбай А

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
**АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО Султаналина А.Б, Аманбай А, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

**Талап:** физикалық белсенді болу.

**Талап:** салауатты өмір салтын ұстану. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Отбасы күніне арналған іс-шаралар. **Ар-ұят:** өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық дәстүрлер» сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізеді. Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (ата –аналар, қыздар және ұлдар жиналысы)

Алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық -зомбылықсыз өмір»

**Ұлттық мүдде:** Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

**Ар-ұят:** халқына адал қызмет ету. кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының қатысуымен үнемі профилактика Кеңесінің отырыстары өткізіледі. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзушылыққа жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысында аз қамтылған отбасы категориясындағы балалардың үй жағдайы тексеріледі, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер өткізіледі. Жайсыз отбасылардан шыққан оқушыларға үнемі бақылау жасалады. Әлеуметтік педагогтер мектепшілік бақылауда тұрған оқушыларға тәлімгерлік көрсетеді. Олардың сабаққа қатысуын қадағалап, бос уақыттарын ұйымдастырады.

"ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы", "АИТВ - инфекциясының алдын алу" тақырыбында мектеп медбикелері 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез - құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. Жастарды АИТВ- ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды. Тыңдаушыларға 167 дана буклет таратылды.





5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6. **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

2023-2024 оқу жылы қаңтар айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

Қаңтар айында оқушылар қысқы демалыс бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жоспары құрылып іс шаралар уақытылы ұйымдастырылды. Жауапты мұғалімдер оқушылардың уақытын тиімді ұйымдастыра білді.

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б.  
 Аманбай А

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
**АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы Оқушылардың әлеуметтік жағдайы  
**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**  
Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО Султаналина А.Б, Аманбай А, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:** Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – 4. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылардың барлығы үй кезегіне қойылған. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар –

Тәуекел топтағы оқушылар – .

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат екі отбасына қаржылай қолдау көрсетуге жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

күні қала прокуратурасы кәмелет жасына толмаған тұлғалармен және оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қала аумағында орналасқан мектептерде жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыс барысында мектеп ата - аналары мен 8-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді. АПБ ЖКТБ ЮПИ полиция капитаны өзінің «Жалпы құқықтық білім беру» баяндамасын оқу барысында ауылда немесе мектеп ішінде құқық бұзушылық жасаған балалар есепке қойылғаннан кейін АПБ қызметкерлерінің бақылауында болатынын айта келіп, қалада бүгінгі таңға дейін қанша тіркелген әкімшілік пен қылмыстық істер туралы мәлімет айтып, осы бойынша қандай жұмыстар жүргізілгені мен қандай шаралар берілгені туралы мәлімдеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Жалпы есепте тұрған қылмыстық іс және әкімшілік жазаға тартылған балалармен жұмыстар жүргізу, сабақтан тыс уақыттағы ата - аналардың міндеттері туралы да түсіндірді. Қалада жүйелі түрде түнгі рейдтер жүргізіліп, өтілген рейд бойынша мерзімді түрде есеп жинақталып, түнде көшеде оқушылар ұсталған жағдайда балалар есепке алынып, ата – анасымен тікелей байланыс жасап, ата – ана айыппұл төлейтіні туралы түсіндірді. Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар кәзіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Жас өспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсау осы кибербуллингтің ықпалынан орын алуда. Тергеу барысында барлық қылмысқа қатысы адамдар анықталып, қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылатынын түсіндірді. Балаларды жақсы оқуға, спорттық үйірмелеріне қатысуға, кітап оқып сауатты да, ақылды азамат болып өсуге шақырды.

**Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану

**Ұлттық мүдде:** Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Наурыздың 19 күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында наурыз айындағы «Күй күмбірі» орындалды. Шараға 36 оқушы «Балбырауын» күйін орындады. Әлеуметтік желіге салынды.

**Мақсаты:** оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. 8 наурызға орай қыз балалар мен әйел мұғалімдер арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Қатысушыларға жүлделі марапаттар берілді.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепшілік жиын, «Рәміздерім-мақтаньшым», «Егемен елдің Рәміздері-Занмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таны атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтаньшы» әдеби-монтаж шаралары болса, «Отанымның көк Туы «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында танымдық сағаттары «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», атты тәрбие сағаттары 9-10-11 сыныптарында өткізілді.

қаңтар аралығында Қазақ есебі челленджі («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы), сонымен қатар Ұлттық өнер ұрпаққа мұра тақырыбында (төрт тоқсан-төрт өнер жобасы бойынша), сынып сағаттары өткізілді. Ақпан айында Оқуға құштар мектеп челленджі өткізілді. Ұйымдастырушы кітапханашы 14-23 наурыз 10 күндік жоспар құрылды. Жоспар негізінде іс шаралар өткізілді.

**Мектеп директорының тәрбие**

**ісі жөніндегі орынбасары** *А.Б.* Султаналина А.Б

*Аманбай А*

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
**АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін кәдірлеуге, перзенттік парызын өтуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:** әрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.**

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

– оқу пәндерінің мазмұны;

– сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;

– сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;



Сонымен қатар жана оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Лияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Осынау ауқымды шаралардың нәтижелі жүзеге асып, сапалы орындалуы, ең бастысы – мекеменің имиджін көтеру, танымалдылығын арттыру, бәрі де орталық мамандарының

Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б  
 Аманбай А

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткен  
**АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудағы сынып жетекшінің ролі

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО Султаналина А.Б, Аманбай А, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудағы сынып жетекшінің ролі**

Биылғы 2023-2024 оқу жылының ерекшелігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру көзделіп отыр. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»- ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. [ӘНХ. 2023-24] б

Тәрбие жұмысында барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары және қоғам, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс. Алдымен бала отбасында ұлттық тәрбие көзінен нәр алып, халық ауыз әдебиетімен сусындайды. Ата-аналар ертегі, аңыздар, тарихи шежіре, қисса-дастандар, өлең жырларды көбірек бала құлағана сіңірітсе, баланың өзіндік пікірі қалыптаса бастайды. Уақыт өте бала мектеп жасында қоршаған ортада, құрдастары арасында өзіндік ойы бар жеке тұлға екенін көрсете алады. Мектепте балаға басты тәрбие беруші - сынып жетекші. Сынып жетекшісі -

сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушымен қоғамның арасындағы

рухани жалғастырушы; сынып ұжымының бірлескен іс-шараларын ұйымдастырушы; оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне түзетулер жасаушы; сыныпта қолайлы моральдік-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал жасаушы.

Орта білім беру ұйымдарының кешенді жоспардың нұсқаулығында сынып жетекшінің міндеттері аталып көрсетілген.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

Салауатты өмір салтына ынталандыру;

Сыныпта достық ортаны, өз ара түсіністікті құру;

Білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;



Ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға арналған консультациялар);

Білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналар мен өзара әрекеттесу;

Аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу. [ӘНХ]

Сынып жетекші тек тәрбиелеуші ғана емес, тек оқытушы ғана емес сонымен қабат баланың өміріне тікелей жауапкершілікті арқалаған тәрбие тетіктерін іске асырушы. Солай

екен деп ата-аналар бала тәрбиесінде шетте қалмай, мектепке, сынып жетекшіге ысырып қоймай, білім беру ұйымымен бірігіп, «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыруға атсалысуы керек. «Қалай?» деген орынды сұрақ туындайды. ҚР оқу ағарту министрлігі білім беру ұйымдарында қалай жасау керек жолын қарастырып, жасап берді. Білім беру ұйымдарында «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығын» құру тапсырылды. Ай сайын ата-аналарды мектеп қабырғасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мақсаты көзделіп отыр. Бұл әрине, керемет бастама, мектепке ата-аналарды тарту мәселесі сынып жетекшілердің ата-аналармен өзара жағымды әрекет ету нәтижесінде оң шешімін таппақ. Тәрбие мәселесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, күрделі мәселелерді біріге отырып қарастыру - ХХІ ғасыр ұрпағын заманына сай түсіне отырып үйлесімде болу, тәрбиелеу ісіндегі ерекше тәсіл. Орталықтың жұмысын ойдағыдай іске асыру, күтілетін нәтижесін көру ортақ іс, ортақ жетістік болмақ

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б  
 Аманбай А

ынтымақтастығына, жаңашылдығына, үндестігіне, ғылыми әлеуетіне, шығармашылығына тікелей байланысты болмақ.

Барлық айтылған ойларымыздың түйіні – жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі әр қадамымызды бүгінгі және келешек ұрпақтың өміріне әсер ететін қандай да бір проблемаларды шешуге байланысты білім, білік, көзқарастар үйлесіміне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені, бұлар – ғаламдық құзіреттер. Қазіргі әлемдік проблемалар біздің жеке емес, сол әлемдегі құбылыстармен санаса өмір сүруіміздің қажеттілігін де айқындап отыр.



Түйіндеп айтатын болсам, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтанш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – білім беру мекемелері, ата-ана, қоғам, яғни баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысу қажет.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбеккер, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсінуіміз және түсіндіруіміз қажет.

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Ұлы Абай айтқандай, «толық адам» келбетіне жету – түпкі нәтижені меңзейді. Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз!

Мектеп директорының тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б.  
 Аманбай А